



ОӘЖ 343.3

Қаражанов Малик Дулатұлы

құқық бойынша философия докторы (PhD), Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: karazhanov_1982@mail.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЛ СҰҒАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ СУБЪЕКТИВТІК БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША САРАЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ

Бұл мақалада экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағына талдау жасалған, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы мен жақын шетел ғалымдарының кең ғылыми мұрасы зерттелген. Кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын анықтау, бүкіл қылмыстық істің тағдырын шешеді, теорияда нақты сұраққа кейде жауап қатпайды. Мақала авторы экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағын дұрыс саралаудың өзіндік пікірін білдірген, субъективтік жақты нақты анықтау үшін ҚР ҚК өзгерістер енгізу ұсынылған.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық бұзушылық, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, экология, экологиялық қауіпсіздік, субъективтік жақ, кінә.

В настоящей статье дан анализ субъективной стороне уголовных правонарушений посягающих на экологическую безопасность, исследованы научные труды большого количества ученых как Республики Казахстан, так и ближнего зарубежья. Определение субъективной стороны любого уголовного правонарушения является практически решением судьбы всего уголовного дела, в некоторых случаях даже теория не может точно дать правильный ответ на главный вопрос. Автор статьи дает собственное видение более удачной квалификации субъективной стороны уголовных правонарушений посягающих на экологическую безопасность, для более точного определения субъективной стороны предлагается внести ряд изменений в УК РК.

Ключевые слова: уголовные правонарушения, уголовные правонарушения посягающие на экологическую безопасность, экология, экологическая безопасность, субъективная сторона, вина.

This article analyzes the subjective side of criminal offenses infringing on environmental safety, investigated the scientific works of a large number of scientists from both the Republic of Kazakhstan and the near abroad. Determining the subjective side of any criminal offense is practically the decision of the fate of the entire criminal case, in some cases even the theory can not accurately give the correct answer to the main question. The author of the article gives his own vision of a more successful qualification of the subjective side of criminal offenses infringing on environmental safety, for a more accurate definition of the subjective side it is proposed to introduce a number of changes in the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: criminal offenses, criminal offenses infringing on environmental safety, ecology, environmental safety, subjective side, guilt.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтарда, оның ішінде экологиялық қылмыстық бұзушылықтарда да объективтік және субъективтік белгілер болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы – қылмыстық жауаптылықтың негізінің құрамдас бөлігі, себебі ҚР ҚК-нің 4-бабында қылмыстық құқық

бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады [1].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы ғалымдар арасында үлкен даулы сұрақтар туғызып келеді. Сондықтан, экологиялық қылмыстық бұзушылықтарды толық ішкі дүниесі бойынша тану үшін субъективтік жақты талдау керек.

Гегель жазғандай, іс-әрекетке – бұл онымен болмысты өзгертуге байланысты барлық анықтамалардың жиынтығы. Әрекет бұл тек іс-әрекет ішіндегі ниеті бары ғана, яғни санада болған ғана әрекет. Тек ерік қана оны кінә ретінде таниды, тек соған ғана жауапты болады [2, 197б.]. Адам тек өзі жасаған әрекеттер үшін ғана жауапты және солар үшін саналы болғанда ғана кінәлі.

Адам мінез-құлқы қандай да бір жүйені құрайды, онда объективтік және субъективтік бірыңғай, өзара байланыста, өзара келісімде болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы – күрделі психикалық процесс, мұнда интеллектуалдық, еріктілік және эмоционалдық құрайтындар бірлікте өзара байланыста болады. Сырт жағынан әсер ету адамның анықталуына әкеледі. Ол С.Л. Рубинштейн жазғандай, субъектінің психикалық жағдайы бойынша оның ойы мен сезімдерінің қалыптасуы арқылы шағылысуы болғанда тиімді болады [3, 226 б.]. Сыртқы әсерге адам сезіммен жауап береді, онда интеллектуалдық (білім) және эмоционалдық (қынжылу) компоненттері жатады. Осы екеуінің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде белгілі бағалау қатынасы пайда болады.

Сыртқы әсер ету «бұл психикалық құбылыстарды, тәртіп актілерін шақыру, сырттай себепкер болу ғана емес, сонымен қатар бүтін тұлғаға оның психикалық құрылымына әсер ету» [4, 18б.]. Адамның кездейсоқ жағдайға белсенді енуі ол сол жағдайды талдайды, оның алдына қойылған талаптар мен сәйкестендірілетін шарттарды және ол жағдайдан шығатын мақсаттарды бөледі.

Адамның психологиялық қызметінің негізін құрайтын шешім қабылдау бұл жүйелі ұйымдастырылған мақсатқа лайықты процесс, ол келесі сатыларға бөлінеді: афферентті синтез (шешім алды), шешім қабылдау және іс-әрекет

нәтижесінің акцепторы» [5, 7б.]. Адам мен оның санасына қатысты Дж. Мерфи былай жазған: «Сіздің ең басты күшіңіз шешім қабылдауда» [6, 50 б.].

Бұл көрсетілген сатылардың әрбіреуінде адам санасында үлкен психикалық қызметтер орындалады. Адам санасын реттеу барысында білім мен қынжылу өзінің ерекше функцияларын атқарады, ол еркін шешім қабылдайды, оған жауап береді, оны түсінеді және оларды үстінен үстемдік жасай алады.

Сонымен, субъективтік жақ – бұл психикалық қызмет, ол қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуын ынталандырады және онымен бірге жүреді, онда әртүрлі қарым-қатынаста интеллектуалдық, еріктілік және эмоционалды құрайтындар орын алады және қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы шешім, адам өз іс-әрекетінің сипаты мен қоғамға қауіптілігін сезіне білгенде және оны басқара алғанда қабылданады.

Осыдан субъективтік жақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ішкі маңызын білдіреді. Ол адамның істеліп жатқан қоғамға қауіпті іс-әрекетіне психикалық қатынасы, кінә, ниет, мақсат және эмоциямен сипатталады [7, 9-10б.].

Заң ғылымдарының докторы, профессор Н.М. Әбдіров «субъективтік жақтың белгілері (кінә, мақсат, ниет) психикалық белсенділіктің әртүрлі нысандарын білдіреді және өзара органикалық байланыста, өзара қарым-қатынаста болады», - деп көрсеткен [8, 332 б.].

Қылмыстық заңнамада «субъективтік жақ» деген термин қолданылмайды. Бірақ заңшығарушы оны кінә, ниет, мақсат ұғымдарымен ашады. Осы ұғымдардың әрбіреуі кез келген қылмыстық құқық бұзушылықты әр түрлі жақтарынан ашады. Кінә - істеліп жатқан қоғамға қауіпті іс-әрекетке және оның нәтижесінде орын алған қоғамға қауіпті зардаптарға психикалық қатынасы. Ол қасақана және абайсызда болады. Ниет - қылмыстық құқық бұзушылық жасауға итермелейтін пиғыл. Қылмыстық құқық бұзушылық мақсаты – қылмыстық құқық бұзушылық жасаушы адам оған жетпек болған нәтиже.

Кез келген қылмыста осы белгілерді ашу керек, оны ашпау кінәсіз зиян келтіруге әкеледі. Егер әрекеттерді (әрекетсіздікті) және қоғамға қауіпті туындаған зардаптарды жасаған адамның пиғылында болмаған болса, ал мұндай іс-әрекетті абайсызда жасағаны және қоғамға қауіпті зардаптар келтіргені үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық көзделмесе,

іс-әрекет кінәсіздікпен жасалған деп танылады. Егер іс-әрекет жасаған адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігін ұғынбаған болса және істің мән-жайлары бойынша ұғына алмаған болса не қоғамға қауіпті зардаптардың туындауы мүмкін екенін алдын ала болжап білмеген болса және істің мән-жайлары бойынша оларды алдын ала болжап білуге тиіс болмаса немесе біле алмаған болса, іс-әрекет кінәсіздікпен жасалған деп танылады. Егер іс-әрекет жасаған кезде қоғамға қауіпті зардаптардың туындауын алдын ала болжап білген адам бұған жеткілікті негіздерде оларды болғызбауға болады деп есептеген болса не өзінің психикалық-физиологиялық қасиеттерінің қысылтаяң жағдайлар талаптарына немесе жүйке-психикалық ауыртпалықтарға сәйкес келмеуі салдарынан осы зардаптарды болғызбауға шамасы келмеген болса да, іс-әрекет кінәсіздікпен жасалған деп танылады (ҚР ҚК-нің 23-бабы) [1].

Кінә барлық қылмыстық құқық бұзушылықтарда міндетті белгі де, ал мақсат пен ниет факультативтік белгілерге жатады, яғни заңшығарушы оны белгілі қылмыстық құқық бұзушылықтардың міндетті белгілеріне жатқызғанда ғана олар міндетті болып келеді.

Р.Т. Нұртаев, «кінә негізінде заңмен қорғалатын құндылықтарға адамның кері қатынасы жатыр», - деп көрсеткен [9, 110б.].

Кінә адамның жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетіне психикалық қатынасының нысаны ретінде субъективтік жақтың орталық ұғымы болып келеді. Сондықтан, осы белгілерді ашқан соң нақты экологиялық қылмыстық бұзушылықтардың субъективтік жағын анықтау мәселесіне көшу керек.

Заң әдебиеттерін талдау нәтижесінде экологиялық қылмыстық бұзушылықтардың субъективтік жағы – өте күрделі болып келеді және бірыңғай түсінік жоқ екенін білдіреді. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша көзделген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты баптары қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі мен субъективтік жағын көбінесе сипаттамайды.

Экологиялық қылмыстық бұзушылықтардың дерлік барлығында заңшығарушы кінәні анықтаудың мәселесін шешпей кеткен, сондықтан ол даулы болып келеді.

Қаз КСР ҚК-де заңшығарушы экологиялық қылмыстардың дерлік барлығында кінәнің нысанын нақты көрсеткен болатын, яғни қоршаған табиғи ортаға қол сұғатын қылмыстардың барлығы екі нысанмен жасалатын: қасақана және абайсызда [10, 31б.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 19-баптың 4-бөлігі даулы болып отыр, себебі осы бап бойынша бүкіл ҚР ҚК-нің ерекше бөлімінің баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағының міндетті белгісін, кінәні ашатын қағида көзделген болатын. Онда «Абайсызда жасалған іс-әрекет осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады», - деп көрсетілген [2]. Тура осындай норма 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылып келген 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 19-бабының 4-бөлігінде көзделген еді. Сонда заңшығарушы даулы мәселені жаңа Қылмыстық кодексте де шешпеген.

Заңшығарушы осындай қылмыстық-құқықтық норманы қабылдағаны дұрыс та шығар, себебі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінде көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтарда кінә толық анықталған. Бірақ, заң ғылымдарының докторы, профессор И.Ш. Борчашвилидің пікірімен келісуге болады, ол бұл жұмыс аяғына дейін әлі де жеткен жоқ деп айтқан. Егер қылмыстық норманың диспозициясында кінәнің нысаны нақты көрсетілген болса сұрақ жоқ, ал егер әр түрлі ережелер мен талаптардың бұзылуы кезінде кінәнің нысаны көзделмесе, онда қылмыстық құқық теориясында әр түрлі көзқарастар пайда болады. Құқық қорғау органдарының қылмыстарды саралау кезінде қателіктеріне әкеледі. Сондықтан, заңшығарушы ҚР ҚК-нің 19-бабының 4-бөлігінде көзделген ережені Ерекше бөлімнің нормаларын құрастыру кезінде жүзеге асырып біткен жоқ, - деп көрсетті [11, 5б.].

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс сараламау салдары жөнінде заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ш. Қоғамов келесі жағдайға көрсетті: «... іс-әрекетті бірінші сатыдағы сотта дұрыс емес саралау, жоғары тұрған сатыларды: апелляциялық, кассациялық, қадағалау сатылардың қол-аяғын байлайды» [12, 51б.].

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағын анықтау

сұрақтарына толық жауапты «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысы да бермейді.

ҚР ҚК-нің 19-бабының 4-бөлігінде көзделген нормаға жүгінсек, онда экологиялық қылмыстық бұзушылықтар тек қасақана ғана жасалуы мүмкін. Экологиялық қылмыстық бұзушылықтарды саралау бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесінде ПМ табиғат қорғау және ветеринарлық полиция басқармасының қызметкерлері 30% осындай істерді тергеу барысында субъективтік жақты анықтауда қиыншылықтарға тап болған.

ҚР ҚК-нің 324-бабының субъективтік жағы қылмыстық құқық теориясында даулы болып отыр. Барлық ғылыми пікірлерді үш топқа бөлуге болады:

1. Субъективтік жақ – жанама қасақаналықпен жасалады. Осы пікірді қолдайтындар И.Ш. Борчашвили, О.Л. Дубовик, А.Г. Кибальник, Р.А. Адельханян, В.Н. Баландк. ҚР ҚК-нің 19-бабының 4-бөлігіне байланысты олар қылмыстық құқық бұзушылық абайсызда болмайды деп санайды, себебі бұл қылмыстық құқық бұзушылық ҚР ҚК-нің 324-бабында абайсызда жасалады деп көзделмеген. Жанама қасақаналық осы қылмыстық құқық бұзушылық бойынша келесідей сипатталады, егер адам өндіріс объектісінің пайдалануы кезінде экологиялық талаптарды бұзудың қоғамға қауіптілігін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптары: қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтіру, қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққанын алдын ала білсе, осы зардаптардың болуын тілемесе де, бұған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайлы қараса орын алады [2].

2. Субъективтік жақ – абайсыздықпен сипатталады. Ол туралы ҚР ҚК-нің 324-бабындағы санкциясы дәлел болып келеді, себебі осы қылмыс онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады. Осы пікірді қолдаушылар: А.Г. Князев, Б.В. Яцеленко.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық абайсызда да қасақана да жасалуы мүмкін. Осы пікірдегілер: А.Н. Ағыбаев, Е.О. Алауханов, А.В. Наумов, Н.А. Лопашенко, В.В. Свечков.

Біз үшінші пікірді дұрыс деп тауып, мұнда қылмыстық құқық бұзушылық құрамын талдау нәтижесінде оның зардаптарына деген қатынас абайсызда болатындығын, қылмыстық құқық бұзушылық та абайсызда болуы мүмкін деген пікірге келдік. Осы баптың санкциясы бойынша да ол ауырлығы онша ауыр емес және 2-бөлігінде орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына жатады. Оны заң ғылымдарының докторы, профессор И.Ш. Борчашвили де осы бапқа түсініктеме бергенде көрсеткен болатын.

Қасақаналық ішінде бұл қылмыстық құқық бұзушылық тек жанама қасақаналықпен жасалынады. Заң ғылымдарының докторы, профессор Н.А. Лопашенко пікірімен біз толық келісеміз, ол осы қылмыстар практикасында жанама қасақаналық пен абайсыздық көп кездеседі деп жазды [13, 98б.].

Осындай мәселеге заң ғылымдарының докторы, профессор И.Ш. Борчашвили де көңіл бөлген: «Егер осы баппен көзделген кінәлі адамның іс-әрекеті тікелей қасақаналықпен жасалса, онда қосымша жеке адамға, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша саралау керек. Менің пікірімше, бұл қылмыстық құқық бұзушылық абайсызда да жасалуы мүмкін. Мәселен, жұмыстарды жүргізу барысында экологиялық талаптарды адамдардың бұзуы кезінде, қоғамға қауіпті зардаптардың болу мүмкіндігін білмесе, немқұрайлы қараса орын алады», - деп көрсетеді [14].

Экологиялық қылмыстық бұзушылықтардың барлығы дерлік субъективтік жағынан бірдей көзқарасқа әкеледі, ҚР ҚК-нің 19-бабының 4-бөлігіне байланысты тек қасақаналықпен, оның ішінде жанама қасақаналықпен жасалады.

Экологиялық қылмыстық бұзушылықтарды талдау нәтижесінде нақты кінә нысаны көзделгенін байқауға болады, яғни келтірілген зардаптарға байланысты абайсызда болуы мүмкін. Осыдан зардаптарға кінәлі адамның қатынасы абайсызда болса, онда қылмыстық құқық бұзушылық та абайсызда болуы керек деген тұжырымға келуге болады.

Сонымен, егер қылмыстық заңдағы жағдай сақталса, онда практика көрсетіп отырғандай көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтар абайсызда жасалуына байланысты қоршаған табиғи ортаға қол сұғушылықтың көпшілігі қылмыстық заңның шегінен тыс қалады.

Сондықтан, шешім бір ҚР ҚК-нің 19-бабының 5-бөлігін жаңа редакцияда енгізгенді жөн көріп отырмыз: «Егер ҚР ҚК-нің Ерекше

бөлімінде қылмыстың тиісті бабында кінә кұқық бұзушылық қасақана да, абайсызда да арнайы көзделмеген жағдайда қылмыстық жасалуы мүмкін».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ// «Заң» деректер базасы.
2. Гегель Г.В. Работы разных лет: В 2 т.– М., 1973. - Т. 2. - С. 197.
3. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. – М., 1957. - С. 226.
4. Психологические проблемы социальной регуляции поведения / отв. ред. Е.В. Шорохова, М.И. Ббиева. – М., 1976. - С. 18.
5. Анохин П.К. Проблемы принятия решения в психологии и физиологии / под ред. П.К. Анохин, В.Ф. Рубахин и др. – М., 1976. - С. 7-8.
6. Мерфи Дж. Сила вашего подсознания: пер. [с нем] / Дж. Мерфи. - изд. 4-е. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2007. - 314 с.
7. Ворошилин В.В., Кригер Г.А. Субъективная сторона преступления: учебное пособие. - М.: Изд-во МГУ, 1987. – 76 с.
8. Абдиров Н.М. Концептуальные проблемы борьбы с наркотизмом в Республике Казахстан (криминологическое и уголовно-правовое исследование). дис. ...докт. юрид. наук, – Алматы, 1999. – 362 с.
9. Нуртаев Р.Т. Борьба с неосторожными видами преступлений: проблемы эффективности. – Алма-Ата: Наука Каз.ССР, 1990. – 208 с.
10. Умирбаева З. Проблемы установления субъективной стороны в экологических составах преступлений. //Фемида - 2012. - №4 (196) - С.31-32.
11. Борчашвили И.Ш. Современное уголовное законодательство Республики Казахстан: состояние, тенденции и перспективы /Современная уголовно-правовая политика в Республике Казахстан и проблемы правового воспитания: межд. научно-практич. конф. – Караганда: КарЮИ МВД РК им. К. Бейсенова, 2007. - Т.1. - С.5.
12. Когамов М.Ч. Соотношение полномочий суда по разрешению уголовного дела по существу с идеологией принципа состязательности и равноправия сторон. // Модернизация судебной и правоохранительной систем в свете Послания Президента Республики Казахстан: научно-практ. конф. /под ред. Б.М. Имашева. – Астана: ГУ Институт законодательства Республики Казахстан, 2012. - С.49-52.
13. Лопашенко Н.А. Экологические преступления: уголовно-правовой анализ. Монография - М.: Юрлитинформ, 2009. - 352 с.
14. Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан (Особенная часть) // под ред. И.Ш. Борчашвили доктора юридических наук, профессора, академика Академии естественных наук Республики Казахстан, заслуженного работника МВД Республики Казахстан. // http://adilet.zan.kz/rus/docs/T9700167_1_

Қаражанов Малик Дулатұлы

Лауазымы: Құқық бойынша философия докторы (PhD), Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау Институт директоры, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қабанбай батыр көшесі 42-80

Ұялы тел.: +7 775 538 60 17

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік белгілері бойынша саралау мәселесіне

Қаражанов Малик Дулатович

Должность: Доктор философии по праву (PhD), директор Института повышения квалификации и переподготовки кадров, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Кabanбай батыра 42-80

Сот.тел: +7 775 538 60 17

К вопросу квалификации уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность

Karazhanov Malik Dulatovich

Position: Doctor of Philosophy in Law (PhD), Director of the Institute for Advanced Studies and Retraining of Human Resources, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Kabanbai batyr st., 42-80

Mob.phone: +7 775 538 60 17

On the issue of qualification of criminal offenses infringing on environmental safety